

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы акционерлерінің  
кезектен тыс жалпы жиналысының материалдары  
2015 жылдың 26 қарашасы**

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы (бұдан әрі - АКЖЖ) Қоғамның Директорлар кеңесінің (бұдан әрі – Директорлар кеңесі) 2015 жылғы 6 қазандағы шешіміне сәйкес өткізіледі. АКЖЖ Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17 (Қоғамның атқарушы органының мекен-жайы), 1201 конференц-зал мекен-жайы бойынша 2015 жылдың 26 қарашасына сағат 10.30-ға шақырылды. АКЖЖ-ның мынадай күн тәртібі белгіленді:

- 1) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы есептеу комиссиясының мүшелерін сайлау, сандық құрамы мен өкілеттігі мерзімін белгілеу;
- 2) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау.

**1. Қоғам акционерлері жалпы жиналысының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу және есеп комиссиясының мүшелерін сайлау**

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 36 бабының 1 тармағының 4) тармақшасы мен Қоғам Жарғысының 11 тарауының 11.1 тармағының 7) тармақшасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне есеп комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату жатады.

Жұмыс істеп тұрған есеп комиссиясының өкілеттігі мерзімі 2015 жылдың 3 қазанында аяқталғаны назарға алына отырып, Қоғамның жұмыс істеп тұрған есеп комиссиясының өкілеттігі мерзімін 2015 жылдың 26 қарашасынан 2018 жылдың 26 қарашасына дейін қоса есептегенде, үш жылға белгілеу ұсынылады.

**Шешім:**

**1. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы есеп комиссиясының сандық құрамы – 3 адам болып белгіленсін.**

**2. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы есеп комиссиясының өкілеттігі мерзімі 2015 жылдың 26 қарашасынан 2018 жылдың 26 қарашасына дейін қоса есептегенде, үш жылға белгіленсін.**

**3. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы есеп комиссиясы мына құрамда сайлансын:**

**1) Райымбеков Ерден Ғалымұлы – Қоғамның корпоративтік хатшысы қызметінің Қоғам комплаенсы бойынша бақылаушы;**

**2) Аяғанова Гүлнара Октябрьқызы – Қоғамның корпоративтік хатшысы қызметінің аға талдаушысы;**

**3) Әлиакпарова Айгүл Алтынбекқызы - Қоғамның корпоративтік хатшысы қызметінің аға талдаушысы.**

## 2. Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесін сайлау

Қоғам Жарғысының 11 тарауының 11.1 тармағының 8) тармақшасына сәйкес директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттігі мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау мен олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ол туралы ережені бекіту, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өздерінің міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеудің мөлшері мен шарттарын белгілеу туралы мәселе Қоғам акционерлері жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

АКЖА директорлар кеңесінің 2015 жылғы 6 қазандағы шешімі бойынша өткізіледі. АКЖА-ны өткізу туралы хабарлама 2015 жылдың 8 қазанында «Казахстанская правда» және «Егемен Қазақстан» газеттерінде жарияланды (Қоғам Жарғысының 10.16 тармағына сәйкес) Қоғам Жарғысының 12.9 тармағына сәйкес директорлар кеңесі мүшелерінің саны (уақытша бос орындардың болмауынан) тәуелсіз директорлар мен бас директорды (басқарма төрағасын) қоса алғанда кемінде 8 (сегіз) адамды құрауы тиіс.

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 54 бабының 2 тармағының 3) тармақшасына сәйкес директорлар кеңесінің мүшелері қоғамның акционері болып табылмайтын және директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлануға ұсынылмаған (ұсыныс жасалмаған) жеке адамдардың қатарынан сайланады. Қоғам Жарғысының 12.6 тармағының 3) тармақшасына сәйкес директорлар кеңесінің мүшелері басқа адамдардың қатарынан сайланады (Жарғының 12.8 тармағымен белгіленген шектеулер ескеріле отырып «Оның басшысын қоспағанда басқарма мүшелері директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Бас директор (басқарма төрағасы) директорлар кеңесінің мүшесі, немесе директорлар кеңесінің кез келген комитетінің төрағасы болып сайлана алмайды»).

А.А. Нұрсейітовтың Қоғамның бас директоры (басқарма төрағасы), сондай-ақ Қоғам директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтауына байланысты Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы мен Қоғам Жарғысының жоғарыда көрсетілген тармақтарына орай Қоғам акционерлері жалпы жиналысының Қоғамның директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау туралы шешімі қажет.

Қоғамның директорлар кеңесінің тағайындаулар жөніндегі комитеті Қоғамның бас директоры (басқарма төрағасы) Есқазиев Құрманғазы Орынғазыұлын тұтастай алғанда Қоғамның Директорлар кеңесі үшін белгіленген өкілеттік мерзіміне Қоғам директорлар кеңесінің мүшесі етіп сайлауға ұсынуға шешім қабылданды. (2015 жылғы 23 қыркүйектегі № 5 хаттама).

Оның үстіне, директорлар кеңесінің 2015 жылғы 20 қазандағы жазбаша хабардар етуінің негізінде Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі К.С. Хиллманның өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.

Осыған байланысты, Қоғамның ірі акционері – «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ пайда болған Қоғам директорлар кеңесі мүшесінің бос орнына «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның өкілі ретінде операциялық өндіруші активтер бойынша басқарушы директор - «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ бас инженері Гончаров Игорь Валерьевичтің кандидатурасын ұсынды (2015 жылғы 22 қазандағы № 101-10/5592 хат).

Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттар туралы ақпарат қоса беріліп отыр.

### **Шешім:**

**Мына адамдар тұтастай алғанда директорлар кеңесі үшін белгіленген өкілеттік мерзіміне Қоғамның директорлар кеңесінің құрамына сайлансын:**

- Есқазиев Құрманғазы Орынғазыұлы (Қоғамның бас директоры (басқарма төрағасы));
- Гончаров Игорь Валерьевич (акционердің өкілі).

*Шешімдердің аяқталуы*

Неғұрлым егжей-тегжейлі ақпараттарды Сіздер Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17, 1313 кабинет мекен-жайы бойынша «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы офисінде 9 сағат 00 минуттан 18 сағат 30 минутқа дейін, сондай-ақ Қоғамның [www.kmgep.kz](http://www.kmgep.kz) веб-сайтында алуларыңызға болады.

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының (Қоғам) Директорлар кеңесіне кандидат туралы ақпарат**

- 1) Тегі, аты, әкесінің аты:  
Есқазиев Құрманғазы Орынғазыұлы  
11.05.1965
- 2) ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының бас директоры (басқарма төрағасы)
- 3) Кандидатқа тиесілі Қоғамның акцияларының саны: жоқ  
(2015 жылдың 08 қазанына)
- 4) Білімі туралы мәлімет:  
В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты, Мұнай және газ геологиясы, Тау-кен инженері-геолог, 1993;  
Томскінің политехникалық университеті, Кандидат Геологиялық-минералогиялық ғылымдардың кандидаты, 2006.
- 5) Қоғамға аффилирлендірілгені туралы мәлімет: Қоғамның лауазымды тұлғасы және Қоғамның аффилирлендірілген тұлғаларының лауазымды тұлғасы болып табылады.
- б) Кандидаттың соңғы үш жылдағы жұмыс орындары мен кандидат кандидат атқарған лауазымдар, сондай-ақ кандидаттың соңғы бес жылда басқа заңды тұлғалардың басқару органдарында атқарған лауазымдары туралы мәлімет:  
  
2015 жылдың қыркүйегінен бастап осы уақытқа дейін - ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы, бас директор (басқарма төрағасы)  
2015 жылдың қаңтары – 2015 қыркүйегі – «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы, бас директор (басқарма төрағасы)  
2013 жылдың желтоқсаны – 20015 жылдың қаңтары – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы, Геология бойынша басқарушы директор – бас геолог  
2013 жылдың қарашасы – 2013 жылдың желтоқсаны - «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы, Операциялық емес өндіруші активтер жөніндегі басқарушы директор  
2012 жылдың ақпаны – 2013 жылдың қарашасы - «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы, Геология және келешекті жобалар жөніндегі басқарма төрағасының орынбасары  
2010 жылдың маусымы – 2012 жылдың ақпаны - «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы, Бас геолог  
2008 жылдың ақпаны – 2010 жылдың маусымы - «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы, Геология, геофизика және резервуарлар жөніндегі басқарушы директор
- 7) Кандидаттың Қоғамның аффилирлендірілген тұлғаларымен және қарсы агенттерімен қатынасы туралы ақпарат: Қоғамға қатысы бойынша аффилирленген тұлға болып табылады.
- 8) Өтелмеген немесе заңнамамен белгіленген тәртіппен алынбаған сотталуының болуы туралы ақпарат: жоқ.
- 9) Кандидаттың Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынуға келісуі туралы мәлімет: Келіседі

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының (Қоғам) Директорлар кеңесіне кандидат туралы ақпарат**

- 1) Тегі, аты, әкесінің аты:  
Гончаров Игорь Валерьевич  
16.01.1966
- 2) ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның операциялық өндіруші активтер жөніндегі басқарушы директоры – Бас инженері
- 3) Кандидатқа тиесілі Қоғамның акцияларының саны: жоқ  
(2015 жылдың 22 қазанына)
- 4) Білімі туралы мәлімет:  
Томскінің политехникалық университеті, 1989, МПИ іздестіру мен барлаудың геофизикалық әдістері, Тау-кен инженері-геофизик  
Томскінің басқару жүйелері университеті, 2000 ж., Есептеу техникасының және автоматтандырылған жүйелердің бағдарламалық қамтамасыз ету, Инженер-бағдарламашы  
Heriot-Watt University, 2002, Petroleum Engineering, Master of Science in Petroleum Engineering  
Томскінің мемлекеттік университеті, 2008 ж. Басқарушы кадрларды даярлаудың президенттік бағдарламасы, Ұйымның менеджменті
- 5) Қоғамға аффилилендірілгені туралы мәлімет: жоқ
- 6) Кандидаттың соңғы үш жылдағы жұмыс орындары мен кандидат атқарған лауазымдар, сондай-ақ кандидаттың соңғы бес жылда басқа заңды тұлғалардың басқару органдарында атқарған лауазымдары туралы мәлімет:  
  
2015 жылдың қазанынан бастап осы уақытқа дейін - ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ операциялық өндіруші активтер жөніндегі басқарушы директоры – Бас инженері  
2015 жылдың қыркүйегінен бастап – 2015 жылдың қазанына дейін - ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ басқармасы төрағасының кеңесшісі  
2013 жылдың қыркүйегінен бастап – 2015 жылдың ақпанына дейін – Ресей Федерациясы Томскі облысының әкімшілігі, Жер қойнауын пайдалану және мұнайгаз өндіру кешені жөніндегі департаменттің бастығы, Томскі облысы бойынша қызмет атқарып жүрген 2-дәрежелі мемлекеттік кеңесші  
2010 жылдың тамызы – 2013 жылдың шілдесі - «Норд Империл» ІЕС ЖШҚ, Бас директор  
2008 жылдың маусымы – 2010 жылдың шілдесі - «ТомскНИПИнефть ВНК» ААҚ, Бас инженер
- 7) Кандидаттың Қоғамның аффилилендірілген тұлғаларымен және қарсы агенттерімен қатынасы туралы ақпарат: «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның операциялық өндіруші активтер жөніндегі басқарушы директоры – Бас инженері
- 8) Өтелмеген немесе заңнамамен белгіленген тәртіппен алынбаған сотталуының болуы туралы ақпарат: жоқ
- 9) Кандидаттың Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынуға келісуі туралы мәлімет: Келіседі